



БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қаласы

2026 жылғы 09 шілде

KASE корпоративтік облигациялар нарығының жаңа индикаторын есептеу мен жариялауды бастады

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE, Биржа) корпоративтік облигациялар нарығының жаңа индикаторын есептеу мен жариялауды бастағанын хабарлайды.

2026 жылғы 01 шілдеден бастап KASE Қазақстан Республикасының резиденттері ішкі нарықта орналастырған корпоративтік облигациялардың жиынтық номиналды құнын есептеуді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының резиденттері мен бейрезиденттерінің облигацияларын ескеретін корпоративтік борыштың қолданыстағы көрсеткішінен айырмашылығы жаңа көрсеткіш қазақстандық эмитенттердің ішкі капитал нарығында тартқан қаражат көлемін жеке бағалауға мүмкіндік береді.

Көрсеткіштің мәні жұмыс күндері күн сайын Астана қаласы уақытымен сағат 17:30-да KASE интернет-ресурсындағы "Индекстер – Қор нарығы – Корпоративтік облигациялар" бөлімінде есептеледі – [толығырақ](#).

Қор нарығының индекстері мен индикаторларын есептеу әдістемесіне енгізілген тиісті өзгерістер 2026 жылғы 01 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді.

Анықтама үшін:

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) – Орта Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы. KASE бағалы қағаздармен жасалған сауда-саттық көлемі жөнінен ТМД биржалары арасында екінші орында және акция нарығын капиталдандыру жөнінен FEAS биржалары арасында төртінші орында (2024 жылдың қорытындысы бойынша). Ол – корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары, шетел валютасы, ақша нарығындағы репо және своп операциялары, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы. KASE – Халықаралық биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржалары орнықты даму үшін" бастамасына қатысушы.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.